

**8D04107 – «Инновациялық менеджмент» білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған, «Жастар
инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы Қазақстан
Республикасының туристік саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру
факторы ретінде» тақырыбындағы Шохаманова Арайлым Муратовнаның
диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің пікірі**

Шохаманова А.М.-ның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының туристік саласындағы жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамыту тетіктерін және оның сектордың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпалын зерттеуге арналған өзекті әрі маңызды ғылыми мәселеге бағытталған. Тақырыптың өзектілігі бірқатар факторлармен айқындалады: туризмнің әлеуметтік-экономикалық дамудың драйвері ретіндегі маңызының артуы, жастар кәсіпкерлігі мен инновацияларды мемлекеттік қолдау, туристік өнімдер мен қызметтерде креативті және цифрлық технологиялардың рөлінің күшеюі, сондай-ақ жастарды кәсіпкерлік қызметке тартудың тиімді стратегияларын іздеу қажеттілігі.

Бүгінгі таңда туризмдегі жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамыту проблемасы жеткілікті деңгейде зерттелмеген, әсіресе оның саланың бәсекеге қабілеттілігіне және өңірлік экономикаға ықпалы тұрғысынан. Жұмыста аталған саланы дамытуға кедергі келтіретін факторлар мен мүмкіндіктерді кешенді бағалауға мүмкіндік беретін теориялық та, эмпирикалық та зерттеулер ұсынылған. Автор кәсіпкерді жаңашылдықтың негізгі тасымалдаушысы ретінде қарастыратын кәсіпкерліктің инновациялық тұжырымдамасын; жаңа нарықтық нишалар мен үрдістерді айқындауға мүмкіндік беретін кәсіпкерлік мүмкіндіктер тұжырымдамасын; жастар кәсіпкерлігін дамытудағы уәждеме мен институттардың маңызын ашып көрсететін адами капитал және институционалдық талдау тәсілдерін; сондай-ақ тұрақты, креативті және инновациялық туризмге қатысты заманауи ұстанымдарды қамтитын қазіргі заманғы теориялық-әдіснамалық базаны қолданады. Бұл зерттеудің салалық бағыттылығын қамтамасыз етеді.

Диссертацияның мақсаты нақты тұжырымдалған — Қазақстанның туристік саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамытудың ғылыми негізделген стратегиясын әзірлеу болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін автор төмендегі міндеттерді шешеді:

- «жастар инновациялық кәсіпкерлігі» ұғымының мәні мен дамуының ерекшеліктерін нақтылау;
- жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы туристік саланың бәсекеге қабілеттілігінің факторы ретінде айқындау;
- туризм саласындағы бәсекеге қабілетті стартап жобаларды дамытудың шетелдік тәжірибелерін талдау;
- қазақстандық туристік бизнесті дамытудың жалпы құрылымындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігінің орнын талдау;

- туризм саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту әлеуетін және оның туристік саланың бәсекеге қабілеттілігіне әсерін бағалау;

- Қазақстандағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін қолдау мен дамытудың ұйымдастырушылық-экономикалық тетігін талдау;

- туристік саланың бәсекеге қабілеттілігінің факторы ретінде жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамытудың кәсіпкерлік экожүйесін қалыптастыру;

- Қазақстан Республикасы жастар инновациялық туристік кәсіпкерлігін дамытудың бәсекеге қабілетті стратегиясын әзірлеу.

Докторанттың ғылыми зерттеулеріндегі мақсатты ұстанымдардың мемлекеттік маңызы бар мәселені шешумен сәйкес келуі диссертациялық жұмыстың өзектілігін, оның қазақстандық экономикалық практиканың сұраныстарына, кәсіпкерлікті және туристік секторды дамыту бағытына сай келетінін растайды.

Зерттеудің теориялық және ақпараттық негізін қарастырылып отырған мәселе бойынша отандық және шетелдік ғалым-экономистердің еңбектері; зерттеу тақырыбына қатысты мерзімді баспасөз материалдары; Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық актілері; Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің статистикалық деректері; Қазақстан өңірлеріндегі жас тұрғындар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерінің деректері; сондай-ақ зерттелетін мәселе бойынша ғаламтор желісінің ақпараттық ресурстары құрайды.

Зерттеудің әдіснамалық базасы талдаудың заманауи әдістерін қамтиды: деректерді статистикалық өңдеу, корреляциялық талдау, ең жоғары және ең төмен мәндер негізінде топтастыру, кластерлік талдау. Кешенді тәсілді қолдану алынған нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз етіп, ғылыми негізделген қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Ғылыми жаңалығымен ерекшеленетін диссертацияның ең мәнді нәтижелеріне мыналар жатады:

1) «жастар инновациялық кәсіпкерлігі» ұғымының авторлық анықтамасы ұсынылды;

2) жастар инновациялық кәсіпкерлігінің мәні ашылды: оның мақсаттары, міндеттері, критерийлері, дамуға әсер ететін факторлар мен нәтижелері айқындалды;

3) «жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы» ұғымына авторлық түсіндірме берілді;

4) жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясын әзірлеудің артықшылықтары анықталды;

5) туризм саласында жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясының теориялық моделі тұжырымдалды;

6) халықаралық тәжірибе негізінде туристік стартаптардың негізгі бәсекеге қабілеттілетті сипаттамалары айқындалды;

7) Қазақстан Республикасы туристік саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігіне арналған авторлық кәсіпкерлік экожүйе моделі әзірленді;

8) 2027-2036 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының туристік саласындағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы ұсынылды.

Диссертациялық зерттеудің күшті жақтарына мыналар жатады: жүргізілген экономикалық-математикалық талдау мен қазақстандық жастардың пікіріне негізделген эмпирикалық зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдардың ғылыми тұрғыдан негізділігі; туризм саласындағы жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамыту әлеуетін және оның туристік саланың бәсекеге қабілеттілігіне ықпалын бағалау; алынған нәтижелердің жоғары қолданбалы маңыздылығы. Аталған нәтижелерді өңірлік те, ұлттық деңгейде де жастар кәсіпкерлігі мен туризмді дамытудың мемлекеттік және салалық стратегияларын әзірлеу барысында пайдалануға болады.

Диссертациялық зерттеудің негізгі қағидалары халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жасалған баяндамалар арқылы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынатын басылымдар тізіміне енгізілген журналдарда, сондай-ақ Scopus дерекқорына кіретін журналдарда жарияланған мақалалар арқылы апробациядан өтті.

Диссертация нәтижелері мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын «Өңірлер экономикасын әртараптандыру факторы ретінде кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру: әлеуметтік-мәдени алғышарттар, жаңа бағыттар және іске асыру әдістері» (AP26199455) жобасын іске асыру барысында «Ғылым комитетінің Экономика институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (РМК) қызметінде зерделеніп, енгізілді.

Зерттеудің мақсатына қол жеткізілді, диссертация тақырыбы толық ашылып, логикалық тұрғыдан жүйелі баяндалған. Жұмыс мазмұнының жүйелілігімен, құрылымының қисындылығымен, талдаудың тереңдігімен және өзекті эмпирикалық базасымен ерекшеленеді. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан негізделген және диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Диссертация аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады және жоғары ғылыми деңгейде орындалған ғылыми-біліктілік жұмыс ретінде бағаланады.

Шохаманова Арайлым Муратовнаның «Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы Қазақстан Республикасының туристік саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 8D04107 – «Инновациялық менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертациялық жұмыстарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді және көпшілік алдында қорғауға жіберіледі.

Ғылыми кеңесші:

экономика ғылымдарының докторы, профессор,

ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институтының БҒК

Тлеубердинова А.Т.



А.Т. Тлеубердинованың қолымен растаймын.
ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитетінің
«Экономика институты» ШЖК РМК
Кадр қызметі *Кашалова А.К.*